

## Нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Благодар ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 6 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитеті Ақтөбе қалалық аумақтық инспекциясы басшысының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 5-2/462 санды ұсынысы негізінде, Благодар ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе қаласының Благодар ауылдық округі әкімінің 2014 жылдың 10 маусымындағы № 1 "Благодар ауылдық округінің Өлке ауылы аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3947 болып тіркелген, 2014 жылдың 17 маусымындағы облыстық "Ақтөбе" газетінде және 2014 жылдың 19 маусымында "Әділет" АҚЖ-де ресми жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

*Благодар ауылдық округінің әкімі*

*Б.Дарин*